

## "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамының объектілерін топографиялық аэрофото суретке түсіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 тамыз N 940

"ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамының магистралдық құбыр желілерін пайдалану тиімділігін арттыру, мұнай құбырлары мен су ағызғыларды пайдалану кезінде экологиялық қатерлерді төмендету, олар орналасқан аумақтарда жедел топографиялық ақпарат пен орын алып отырған жағдай карталарын жаңарту және мұнай мен су тасымалдау кезінде шығындарды азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Топографиялық аэрофото суретке түсіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартылған "Интеринж - Алматы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әуе кемелерімен "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамының объектілерін топографиялық аэрофото суретке түсіруді жүргізуіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметіне келісу үшін авиациямен аралап ұшу кестесін ұсынсын.

3. Алғашқы фото материалдарды өндөу Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті өкілдерінің

қатысусымен жүргізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК